

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 жылғы 20 мамыр

№ 139

Степногорск қаласы

город Степногорск

«Birgemiz: Түлек 2020»
мектеп бітіру кеші
іс-шараларын
өткізу туралы

«Birgemiz: Түлек 2020» мектеп бітіру кеші іс-шараларын өткізу туралы Концепция негізінде, бітірушілердің, педагогтардың, ата-аналардың өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пандемия кезінде коронавирус инфекциясының таралуын болдырмауды ескерту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2020 жылдың 4 маусымында мектеп алаңында, ешқандай қонақ шақырылмай, мектеп бітіру кеші іс-шарасы өткізілсін.
2. Іс-шараға қатысушыларға мектеп бітіру кеші іс-шарасының өткізу тәртібі мен қауіпсіздікті сақтау туралы нұсқаулық беру.
3. Қамтамасыз етілсін:
-мектеп бітірушілері іс-шараға мектеп формасымен қатыссын; іс-шара әр сыныппен бөлек ұйымдастырылсын; санитарлық және эпидемияға қарсы режим тәртібін, жеке бас гигиенасын қатаң сақтау; іс-шараға қатысушылар 1-1,5 метр арақашықтық сақтасын, міндетті түрде бет перде киіп жүрсін.
4. Бітірушілер мен ата-аналар өзге сыныптардың белгіленген сызығынан аттап өтпеуі тиіс.
5. Мектеп бітіру кеші іс-шарасын өткізу кестесін жасап, бітірушілер мен ата-аналарға уақытылы хабарлансын.
6. Мектеп іс-шарасын өткізу үшін ақша жинауға тыйым салынсын.
7. Педагогтарға, мектепке, мектеп әкімшілігіне ешқандай сыйлық жасалмасын.
8. Мектеп бітіру кеші іс-шарасы мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерінің күшімен өткізілсін.
9. Мектеп бітіру кешіне мерекелік дастархан жасау, көңіл көтеру орындарында ұйымдастыруға тыйым салынсын.
10. Қала сыртындағы іс-шаралар мен экскурсияға тыйым салынсын.
11. Аниматорлар мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырушылар, жеке студиялар қызметіне жүгінуге тыйым салынсын.
12. Білім бөлімінің әдіскері Т.А. Старикова мектеп бітіру кеші іс-шарасының өтетіндігі туралы Степногорск қаласы ІІБ-сына хабарласын.
13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі басшысының орынбасары А.К. Оспановаға жүктелсін.

Басшы



Т. Семенюк